

ӘОЖ ГФ2 15/03

Қ.А. Затов, Ш.С. Рысбекова, Қ.М. Борбасова*

Дінтану және мәдениеттану кафедрасы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: Borbassova.Karlygash@kaznu.kz

Толеранттылық құндылығы

Мақалада толеранттылық ұғымының философиялық-дүниетанымдық аспектілері талданып, осы ұғымның қазіргі қоғамдағы рөлі мен маңызы бағаланады. Сонымен қатар автор толеранттылықты әлеуметтік және жеке тұлғалық құндылық ретінде қарастырады. Толеранттылықты әлеуметтік құндылық ретінде қарастыра отырып, автор осы құндылықты қалыптастырудың жолдары мен тәсілдеріне назар аударады. Этникалық және діни толеранттылық мәселесін қарастырғанда әлемдік және дәстүрлі діндердегі адамгершілік ұстанымдарының рухани-тәлімдік мүмкіндіктерін толықтай іске асыру тетіктерінің маңыздылығы алдыңғы қатарға шығады. Әлеуметтік шындықтағы толеранттылық көріністерін талдай отырып, автор толерантты ұстанымдар мен құндылықтарды іске асыруға кедергі келтіріп отырған мәселелерге назар аударады. Мақалада айтылған ойларын қортындылай келе, толеранттылық жаһандық, аймақтық және қоғамдық-әлеуметтік қауіпсіздік пен бейбіт қатынастарды орнықтырудың маңызды құрамдас бөлігі екенін түйіндейді.

Түйін сөздер: толеранттылық, құндылық, зайырлылық, дін, діни қатынастар, сұқбат, мемлекеттік-конфессионалдық қатынас.

K. Zatov, Sh.S. Rysbekova, K. Borbassova

Tolerance as value

In article the concept, essence and tolerance manifestation of modern Kazakhstan society is analyzed. The author proceeds from understanding of tolerance as values which provides stability and society prosperity on the basis of mutual understanding and dialogue, polyphonies of cultural and world outlook diversity.

Key words: tolerance value, svetkost, religion, religious relations, dialogue, State confessional relations.

К.А. Затов, Ш.С. Рысбекова, К.М. Борбасова

Толерантность как ценность

В статье, анализируя различные философско-мировоззренческие аспекты понятия толерантности, исследуется толерантность как социокультурная ценность и выявляются базовые ценности, лежащие в основе толерантности, разбирается сущность и роль толерантности в современном казахстанском обществе. Отмечается, что толерантность – это, прежде всего, ценность, социальная и личностная.

Ключевые слова: толерантность, ценность, светскость, религия, религиозные отношения, диалог, государственно-конфессиональные отношения.

Тонның ішкі бауындай астасып, біте қайнасып жатқан қазіргі заман адам мен қоғамның дүниетанымы мен құндылықты ұстанымдарына күрделі өзгерістер енгізуде. Қазіргі адамзат қауымы Президентіміз Н.Ә. Назарбаев атап көрсеткендей, «сығымдалған уақыт» ахуалында өмір сүріп жатыр. Кезінде гректің дана ой иесі Гераклит «бір түскен өзенге екінші қайтып түсе алмайсың» деп уақыттың өткінші

сипатын пайымдаған еді. «Сығымдалған уақыт» кеңістіктің де сипатын (дәлірек айтсақ, кеңістік туралы адам көзқарасын) өзгертті. Қазіргі уақыт пен кеңістік өзінің физикалық, биологиялық сипатын сақтағанымен, әлеуметтік уақыт пен кеңістіктің құрлымы мен мазмұны түбегейлі өзгеріске ұшырады. Американдық әлеуметтанушы, футуролог А. Тоффлер өз шығармаларында қазіргі адамзаттың түбегейлі

өзгерістер заманындағы болмысын талдайды. Ол қазіргі адамзат қауымдастығының көптүрлілігіне назар аударады. Ұйқысынан оянып, көшеге шыққан адам өзіне ұқсамайтын адамдарды көреді. Олар күні кеше ғана өз мемлекеттерінің аумағында өмір сүріп жатқан еді, ал бүгін әлемді шарлап жүр. Иә, олардың сыртқы пішіні бізге өте ұқсас болуы әбден мүмкін. Бірақ, олардың өзіме ұқсамайтынын ішім сезеді. Бұрынғы Кеңес Одағы адамы «іріп-шіріген капитализм» «өкілінің» өз елінде осылай емін-еркін жүретінін көз алдына елестете қоюы қиын еді. Бүгінгі адамзат қауымдастығы «Вавилон мұнарасын» еске түсіреді. Париждегі Эйфель мұнарасын бір сәт көз алдыңызға елестетсеңіз, оның төңірегіндегі алуан тілде сөйлеген адамдардың дауысы құлағыңызға жетеді. Екі ғасыр бұрын бір-бірін жау санаған француздар мен ағылшындар «Люсембург бағында» сыпайы әңгімелесіп отыр. Осының бәрі бүгінгі күннің шындығы. Толас-сыз қантөгістер мен қақтығыстардан шаршаған «кәрі құрлық» қариялық шағын мамыражай күйде өткізуге талпынатын тәрізді...

Жаһандану үдерістері біздің санамыз бен ойлау мәнерімізге, жүріс-тұрысымызға ықпал етуде. Дөңгеленген дүниедегі адам өзінің нәзік тіршілігін сақтап қалудың жаңа тәсілдерін қамдау қамында. Өзгерген дүние адамның да өзгеруін талап етеді. Қазіргі қоғам өз өзімен тұйықталған этникалық біртұтастық емес, керісінше көптеген этностардың көп түрлі тұтастығы. Қазіргі қоғамның қай саласын алып қарасаңызда онда этникалық алуандылықты байқайсыз. Бала бақша, мектеп, колледж бен университет, еңбек ұжымы ұлттар мен ұлыстардың басын қосқан мекемелер. Ұлтаралық неке мен отбасы да әлеуметтік шындықтың бір қыры. Әрине, әлеуметтік-органикалық тұтастық ретінде кез-келген этнос өзін тарих толқынында сақтап қалуға талпынады. Кез-келген тіршілік иесінің өз тіршілігін сақтауға ұмтылуы табиғат заңдылығы. Сол сияқты этникалық құрылымдарда өзінің бірегейлігін қамтамасыз ететін айшықтарын: тілін, дінін, салт-дәстүрін, дүниетанымы мен құндылықтарынан бас тарпайтыны заңдылық. Сондықтан осы заңды талпынысты мойындай отырып, «бейбіт қатар өмір сүрудің» ортақ қағидаттарын қалыптастыру – қазіргі қоғамның күн тәртібіндегі маңызды мәселенің бірі.

Атауы өзгергенімен адамзат қауымдастығының адам тіршілігінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жалпыға бірдей ортақ қағидаттарды

қалыптастыруға деген талпынысы тарихтан өз орнын алып келді. Бірақ бұл қағидаттар әмбебапты сипатқа ие бола қоймады. Сол дәуірлерге тән тираниялық-деспотиялық тәртіп, ел билеушілерге тән өз мүддесін ғана қамдау, халықтар арасындағы байланыстардың шектеулі сипаты, этноцентризм мен абсолютті ақиқатқа деген монополизм және тағы басқа толып жатқан жағымсыз себеп-салдарлар адамзат қауымдастығын тұтас тарихи феномен ретінде қабылдауға мүмкіндік бермеді. Тарихи баяндаулар мен сипаттауларда әулеттер мен осы әулеттердің басқа әулеттермен бақталастығына, басқыншылық соғыстар мен көтерілістерге үлкен мән беріліп, адамзат қауымдастықтары арасындағы мәдени байланыстар мен қарым-қатынастар назардан тыс қалды. Сондықтан бүкіл әлемдік тарих адамзат қауымдастықтары арасындағы қантөгіс қақтығыстар тарихы ретінде қабылданып, бағаланды. Осы жағдай адамзаттың алдыңғы қатарлы ойшылдары мен даналарына тарих пен адамзат өркениетіне басқа көзқарас тұрғысынан қарауға итермеледі. XX ғасыр адамзат атаулы тіршілік иелеріне тән ортақ мәселелерді күн тәртібіне қойды. А. Швейцер «Өмірді қастерлеу» ілімін жан-жақты дамытса, А. Эйнштейн адамзаттың көңілін планетамыздағы тіршілікті сақтап қалу ойлау жүйеміздің қайта қарастырылуын талап ететініне аударды. Өкінішке орай Мальтус, Хантингтон сияқты батыс интеллектуалдарының көзқарастарына негізделген тұжырымдар адамзатты ортақ асыл мақсаттардан гөрі алауыздықтар мен араздықты өршітетін жолға бағыттады. Дарвиннің биологиялық ортадағы тіршілік үшін толас-сыз күрес туралы ілімін әлеуметтік организмге таңудың теориялық көрінісі болған әлеуметтік дарвинизмде адам санасын улап, шындықтан жырақ әкетті. Осы ғалымдардың ықпалы әлі де өзінің күшін сарқыған жоқ. Өмірдің бар мәнін тіршілік үшін күреске әкеп тірегендер адамның нәпсісін қанағаттандыру оны бақытты етудің басты тәсілі деген жалған түсініктің кең таралуына жол ашты. Сөйтіп, жалған өмір жалған ойларды және керісінше жалған ойлар жалған тұжырымдарға негізделген өмірді қалыптастырады. Э. Фроммның еңбегінде айқын айтылғандай, мақсат пен амалдың орны ауысады. Өмірдің мақсаты мен оған жетудің жолдарын шаттастырған адам «қисық айналар» әлемінде өмір сүруін жалғастыра береді. «Қаншама тұтынсам, соншама бақыттымын дейді нарық

адамы» (Т. Ғабитов). Алайда, тұтынушылық психологиясына құрылған қоғамның құрдымға кетіп бара жатқаны бүгін ойлай алатын адамға айдай анық. Тұтынушылық жер бетіндегі табиғи байлықтар мен тіршілік ресурстары үшін бітіспес теке тіресті туындатады. Адам табиғатының келеңсіз сипаттарын, жануарлық инстинктілерін қоздырады. Ал адамзат өз бойындағы осы жануарлық соқыр сезімдерді шектеу барысында «мәдениетті жанға» (әл-Фараби) белгілі. Табиғаттан берілген инстинктілерді шектеу, нәпсіні тәрбиелеу адамға өзі тәрізді басқа тіршілік иелерімен мәмілеге келіп, тіршілігі мен қауіпсіздігін сақтауға кепіл болды. «Баршаның баршаға қарсы күресінің» (Т. Гоббс) тығырыққа апаратын жол екенін түсінген адамзат қауымдастығы өмір сүрудің ортақ ережелерін қалыптастырды. Осы негізде толеранттылықты адамзат мәдениетінің қайнарында орын алған құндылық ретінде бағалауымыз қажет.

Толеранттылық ағылшын тілінде басқаны қарсылықсыз қабылдауға қабілеттілік пен дайындықты білдірсе, француз тілінде басқаның бостандығын, оның ойлау мәнерін, жүріс-тұрысын, саяси және діни көзқарастарын құрметтеу дегенді аңғартады. Толеранттылық шығыс елдерінде басқаға мейірімділік таныту, кешірімді болу, жаны ашу мағынасында қолданылады. Толеранттылықтың шығыстық түсінігі қазақ халқына да тән. Қазір күні ана тілімізде толеранттылықтың синонимі ретінде толеранттылық, төзімділік сөздері қолданылып жүр. Біздің пайымдауымызша, толеранттылық сабырлық сақтау, сабырлық тану ұғымына да жақын тәрізді. Сабыр өмірде кездесетін қиыншылықтардан мойымауды ғана емес, өзгенің өзіндігін, яғни оның сенің құндылықтарың мен түсініктеріңе сәйкес келмейтін ұстанымдарына да салқын қандылық танытуды білдіреді. Әрине, толеранттылық басқаның шектен шығуына үнемі төзуді, бейжай қарау дегендік емес. Яғни, екі жақта белгілі бір шектен аспауы керек. Толерантты болу – барлық адамдарға ортақ бір принциптерді басшылыққа алу, жүріс-тұрыста, көзқарасты байқатуда белгілі бір әдептілікті сақтау, адамдардың намысына, ар-ожданына нұқсан тигізбеу. Жоғарыдан байқағанымыздай, әлем халықтарының тілдерінде толеранттылық ұғымының мағынасы өте ұқсас және сабырлы, тағатты болу дегенді білдіреді. Ал басқаның өзіндік болмысын, ерекшелігін мойындау және осы ерекше сипатына деген құқына нұқсан

келтірмеу толеранттылықтың негізі болып табылады. Толеранттылық адамның басқа мәдениет, ұлт, дін, әлеуметтік топ өкілдерімен тіл табысуға, өзара түсіністікке психологиялық тұрғыдан дайын болуы. Әрине, ғасырлар бойы қалыптасқан таптауырынды ойлардан, жүріс-тұрыстан, бойға сіңген әдеттерден бір күнде арыла алмаспыз белгілі. Бір сөзбен айтқанда, қазіргі қоғам толеранттылық бағытында үлкен істерді жүзеге асыруы қажет.

Толеранттылық сана мен мәдениет қазіргі Қазақстан қоғамы үшін маңызды әлеуметтік құндылыққа айналуы қажет. Бұл сана мен мәдениетті қалыптастыруда бұқаралық ақпарат құралдары мен білім беру саласы алдыңғы қатарда тұратыны анық. Қазақстан Республикасының бірқатар заңнамалық құжаттарында атап көрсетілгендей, «қазақстан мемлекетінің мәдени саясатының басым бағыттарының бірі – ұлттық және әлемдік мәдениет құндылықтарын игеруге бағытталған білім беру мен тәрбиелеу жүйесін дамыту, азаматтардың осы салалардағы мүмкіндіктері мен құқыларының теңдігі» [1]. Толеранттылық сана тұлғаның әлеуметтенуі барысында отбасының, білім және мәдениет ошақтарының ықпалымен қалыптасады. 1995 жылы халықаралық ЮНЕСКО ұйымы қабылдаған «Бейбітшілік мәдениеті» декларациясында да толеранттылық мәдениетін қалыптастыруда тәрбие мен білім жүйесінің маңыздылығы аталып өтті. 2001-2003 жылдары мақала авторы әл-Фараби атындағы Ұлттық университеттің «мәдениеттану» мамандығы магистрлеріне «Бейбітшілік мәдениеті» атты арнайы курстан дәріс оқу мүмкіндігіне ие болды. Бұл курс Республикамызға танымал философ профессор Б.Ғ. Нұржановтың бастамасымен дайындалып, оқу үдерісіне енгізілді. Өкінішке орай, бұл бастама жалғасын таппады. Толеранттылық сана мен мәдениетті қалыптастыру ісінде науқаншылдық көрініс тауып, жүйелі жолға қойылмады. Толеранттылық мәселелері бір топ мамандардың академиялық талдауларымен шектеліп қалды. Мәселенің тек ғылыми конференциялармен, дөңгелек стөлдермен немесе студенттер жастар арасындағы науқандық шаралармен шешілуі белгілі. Толеранттылық кең ауқымды гуманитарлық білім берудің бір саласы ретінде қарастырылуы және соның аясында шешімін табуы қажет деп санаймыз. XVII ғасырда өмір сүрген ағылшын философы Ф. Бэкон барлық ғылымдарды «жеміс беретін»

(плодоносные) «нұрландыратын» (светоносные) деп сұрыптаған. Ол жеміс беретін ғылымдар қатарына жаратылыстанулық, ал нұрландыратын ғылымдар қатарына гуманитарлық ғылымдарды жатқызады. Өкінішке орай, позитивизмнен бастау алған «нұрландыратын» ғылымдардың қоғамдағы орны мен рөлін төмендету адамзат өркениетіне ауыр қасіреттер алып келді. Бұл екі ғылым саласы құстың қос қанатындай, ал қазіргі біздің қоғамымыз бір қанаты жаралы құсты еске түсіреді. Толеранттылық қоғамның салауаттылығы, интолеранттылық қоғам тәніндегі сырқаттың белгісі. Толерантты тұлғаны қалыптастыру қоғамда орын алуы мүмкін теріс салдарлардың алдын алумен пара-пар.

XX ғасырдың соңы Қазақстан халқы мен мемлекеті үшін зор мүмкіндіктерге жол ашты. Ең бастысы ғасырлар бойы армандап келген, халқымыздың ардақты азаматтары өмірі мен шығармашылығын сарп еткен тәуелсіздікке қолымыз жетті. Тәуелсіздік ата-бабаларымыздың, алдыңғы буын аға-апаларымыздың, ата-аналарымыздың, құрбы-құрдас-тарымыздың қаны мен терінің нәтижесі. Бүгінгі күніміз өткен тарихымыздың жемісі, қазіргі уақыт болашақтың ірге тасы. Адамзат болмысы бір қарағанда байқала бермейтін мыңдаған тамырлар арқылы сабақтасып жатады. Тарихи сана мен тамырдан айырылу ұлттың өзінің мәндік сипатын жоғалтып, жойылып кетуіне алып келетіні белгілі.

Бүгінгі күні Қазақстан тәуелсіздіктің саяси-экономикалық іргетасын қалады. Бұл салада бірқатар жетістіктерге де жеткенімізді әлем жұртшылығы мойындап отыр. Кез-келген қоғамның тұрмыс-тіршілігі ең алдымен материалдық өндіріспен байланысты. Кеңестік экономиканың негізгі түрі – мемлекеттік меншік азаматтардың еркін шаруашылық жүргізуіне мүмкіндік бермеді. Еліміздің тұралап қалған шаруашылығын қалпына келтіру үшін ел экономикасын нарықтық қатынастарға қарай бұру, халықтың экономикалық белсенділігін арттыру бастапқы кезде кезек күттірмейтін мәселе болды. Бүгін жүзеге асырылған экономикалық қайтақұрулардың дұрыстығын өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Қазіргі Қазақстан экономикасы меншіктің көптүрлілігіне негізделген және жеке кәсіпкерлік көптеген қазақстандықтардың тұрмыс деңгейін, әл-ауқатын жақсартудың басты бағыттарының бірі екені айқын.

Материалдық-экономикалық саладағы қайта-

құрулар саяси жүйедегі өзгерістердің де орын алуын қамтиды. Өйткені, жаңа экономикалық қатынастарды жетілдіру үшін ескі саяси-идеологиялық ұстанымдарды да қайта қарастыру қажет. Сондықтан саяси салада да күрделі бет бұрыстарды жүзеге асыру қажет болды. Осы мақсатқа сәйкес жаңа Конституция қабылданды. Оның басты мақсаты қоғамның прогрессивті дамуын қамтамасыз ету болып табылды. Қоғамның субстанционалдық негізі – адам. Қазақстан Республикасының Конституциясында адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауға ерекше мән беріледі. Ата заңымызда Қазақстан Республикасы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдік беретін зайырлы мемлекет деп бекітілді.

Тарих беттеріне көз жүгіртсек адам ойын шектеу, қоғамдық сананы қыспаққа алу қоғамдық тоқырауға алып келіп отырғанын көреміз. Мұндай тоталитарлық жүйелердің өмірі ұзаққа бармады. Адамның еркін ойы тау тасын жарып аққан бұлақтай әрқашан өзіне жол ашып отырды.

Адамзат тарихы бұл әртүрлі идеялардың, көзқарастар мен құндылықтардың қақтығысының алаңы іспеттес. Күні өткен идея, егер ол өзін өзі жаңарту, түрлендіру мен жетілдіру мүмкіндігін сарпыса ерте ме, кеш пе өмір шындығынан алыстайды, қоғамның ілгері дамуына бөгет болады. Сөйтіп, тарих қойнауына кетеді, ұмытылады. Яғни идеяның өмір сүруінің, дамып жетілуінің басты алғышарты – қоғамдық болмыс сұранысына сай болу. Әрине, қоғамдық болмыста бір орнында тұрмайды, ол да дамиды, өзгереді соған сай идеяда өзгеріп отыруы қажет. Кеңестік идеологияның тоқырауы мен құлдырауының да басты себебі де осы.

Қазіргі кезде де әртүрлі идеялар адамдар санасына ықпал етіп, қоғамда өз орнын табуға ұмтылуда. Олардың арасында діни идеялар мен көзқарастар да аз емес. Тәуелсіздіктің алғашқы заңдардың бірі 1992 жылдың 15 қаңтарында қабылданған Қазақстан Республикасының «Сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы заңы» болды. Қазақстан Республикасының Конституциясында, жоғарыда аталған заң баптарында және адам құқы туралы актілер мен келісімдерде бекітілген азаматтардың сенім бостандығын іске асыруға кепілдік берілетіндігі, Қазақстан Республикасы басқа мемлекеттердің және азаматтығы жоқ азаматтарының жеке дара немесе басқалармен бірлесе отырып кез-келген

дінді еркін ұстануына немесе ұстанбауына, сондай-ақ діни рәсімдерге қатысуға немес қатыспауға құқылы екендігі, діни айқындалуға қатысты ешқандай мәжбүрлеуге жол берілмейтіні, діни бірлестіктердің мемлекеттен бөлінгендігі туралы айтылды. Тоталитарлық режимнен кейінгі бұл заң азаматтардың дінге қатысты айқындалуына толық еркіндік берді, сөйтіп мемлекеттік атеизм келмеске кетті. Атеизм идеологиясының қыспағынан кейін бұл заң халқымыз үшін руханилықты жаңыртуға мүмкіндік берді. Бірақ сонымен қатар, аталған заң қабылданғаннан соң еліміздегі діни ұйымдар мен бірлестіктердің саны геометриялық прогрессияда өсе бастады. Жасыратыны жоқ сол жылдары «жалтырағанның бәрі алтын» сияқты болып көрінді. Дәстүрлі діндердің тонын жамылған ағымдар мен бағыттар қаулап, ақиқат пен жалғанның аражігін ашуға қауқарсыз халықтың санасын улап, миын ашытты. Қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екенін аңғармаған азаматтарымыз «қыздың бетін кім ашса сол ыстық» дегендей, рухани сусынын қандырған «ұстаздардың» соңынан ерді. Тәуелсіздік қарсаңында, 1989 жылы елімізде 30 конфессияға тиесілі 700-дей діни бірлестік бар болса, 2008 жылы конфессиялар саны 46, ал діни бірлестіктер 4000 асты [2].

Қазақстан Республикасы дінаралық және конфессияаралық келісім мен толеранттылық саясатын іске асыра отырып, еліміздегі тұрақтылық сақтап, әлеуметтік-экономикалық қайтақұрулардың үздіксіз дамуын қамтамасыз етті. Тұрақтылық пен қоғамдық келісім – халықтың әл-ауқатын арттырып, тұрмысын түзеудің бастапқы алғышарты. Яғни, ұлтаралық және діни келісім Қазақстан үшін өмірлік маңызы бар мәселе.

Діни және ұлтаралық толеранттылық Қазақстан қоғамының негізгі құндылықтарының бірі ретінде қоғамдық санада терең тамыр жайды. Сонымен қатар, толеранттылық ұғымын қазіргі гуманитарлық ғылым категориясы ретінде талдау, оның басқа да ұғымдармен өзара байланысын ашу қажеттілігі туындап отыр. Қазіргі кезде кең таралған анықтамасына сай толеранттылық дегеніміз «(ағылш. tolerance – төзімділік, көнбістік) – басқа ойға, көзқарасқа, наным-сенімге, іс-әрекетке, әдет-ғұрыпқа, сезім-күйге, идеяларға төзімділік» [3]. Сонымен қатар, толеранттылық басқаның ойы мен көзқарасына, принциптері мен құндылықты ұстанымдарына, наным наным-сеніміне, әдет-

ғұрыпына сабырлықпен қарау, құрметтеуді де қамтиды. Толеранттылық әртүрлі діндер мен мәдениеттер, дәстүрлер тоғысқан ортада орын алады. Толеранттылықты адамдардың діни мен дәстүрінен, дүниетанымы мен мәдениетінен туындайтын қайшылықтар мен қақтығыстарды шешудің тәсілі деп те қарастыруға болады. Діни айырмашылықтар мен діни ілім түсіндірмелеріндегі алшақтықтар қантөгістерге алып келгені, мемлекеттердің құлдырауына, ұлттық бірліктің ажырауына себеп болғаны белгілі. Тарих беттерінде адамзаттың ар-ожданына дақ түсіретін қаралы оқиғаларға да осы діни алауыздықтар түрткі болғанын жақсы білеміз. Оның бәрін тізіп жатудың қажеті де шамалы. Ендігі кезекте осы қақтығыстардың қалай алдын алуға болатыны біз үшін аса маңызды. Сонымен қатар, діни фактор елдің бірлігі мен тұтастығын бұзып, оның ресурстарына иелік етудің тәсіліне айналып отырғаны да ойланған адамға тосын жағдай емес. Қазіргі қоғамымызда орын алып отырған діни процестердің бәрі бірдей емес. Жаңа діндердің қоғамға ықпалын ғалымдар төмендегідей бағалайды: «Біздің қоғамымызға бұрын белгілі болмаған діни конфессиялардың Қазақстанға келуін қазақстандықтардың мәдени бірегейлігін белгілі бір деңгейде ерікті немесе еріксіз шайқалтатын жаһандандудың салдарына жатқызуға болады» [4]. Осы жерде атақты ағылшын тарихшысы Тойнбидің батыс өркениеті экономика мен саясат саласына өз ықпалын таратып болды, енді қалғаны мәдениет саласы деген ойы еріксіз еске түседі. Сонымен қатар жоғарыда келтірілген авторлардың мына пікірлері де адамға ой салады: «Планетарлық гегемония күші мәдени жаһанданду астарларынан да байқалады, ол қазіргі кезде шешуші стратегиялық ресурс ретінде де, майдан алаңы ретінде де, қару типі ретінде де көрініс беріп отыр» [5]. XXI ғасырдың ақпарат және ақпараттық технологиялардың ғасыры екені белгілі, сондықтан қарсыласын бағындырудың басты құралы ретінде идеологиялық форматтар алдыңғы қатарға шығуда. Ал дін ең пәрменді идеологиялардың бірі екендігі талас тудырмайды. Әрине, жаһанданду дәуірінде біздің әлемдік процестерден шет қала алмайтынымыз белгілі. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздіктің саяси-экономикалық ірге тасын қалады деп айта аламыз. Сондықтан ендігі кезекте тәуелсіздігіміздің ақпараттық және мәдени-рухани аспектілеріне де жете көңіл ау-

даруымыз қажет. Бұл тұрғыда дін мәселесінде де дәйекті әрі жан-жақты таразыланған саясат ұстанған абзал. Қазақстанның болашағы үшін еліміздегі ұлыстардың өзара татулығы қаншалықты маңызды болса, қазақ халқының ауызбіршілігі болмыстық мәні бар мәселе. Өкінішке орай тәуелсіздікпен қатар, халқымызды тарихи-мәдени тамырын ажыратып, ұлттық бірлігін ыдыратуға, діни санасы мен дүниетанымын өзгертуге бағытталған үдерістер орын ала бастады. «Аңқау елге арамза молда» демекші қаптап кеткен миссионерлік ұйымдар мен қозғалыстар жымысқы саясатын діни құндылықтармен бүркемелеп, азаматтарымызды адастырып отырғаны да ащы шындық. Тоталитарлық құрсаудан шыққан тәуелсіздіктің алғашқы жылдары діни сенімдердің шектелуін демократиялық нормалардың бұзылуы деп бағалаған болсақ, қазіргі кезде кейбір діни бағыттардың демократиялық принциптерге қайшы келетіндігі, тіпті адам құқықтарын елеп ескере бермейтіндігі анық болып отыр. Осыны ескерген билік экстремистік бағыттағы діни ұйымдарға тиым салды. Сыртқы бітімі «жалтырап» тұрған, ел басына түскен ауыртпалықты діни тұрғыдан интерпретациялаған «кірме» діндер етек жайды. Дін қазіргі әлемде кез-келген елдің ішкі саяси-әлеуметтік жағдайына араласып, тұрақсыздықты тудырудың факторына айналып отыр. Сондықтан діни толеранттылық ел қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Діни толеранттылық қоғамның топтасуына ықпал етіп, дін ықпалынан туындайтын сыртқы және ішкі қауіптерді залалсыздандыруға мүмкіндік береді. Діни толеранттылықты бір дін немесе конфессия өкілдерінің басқа басқалардың діни ғибадаттына, іліміне, көзқарасына сабырлықпен қарауы деп қарастыруға болады. Әркім өз дінін ұстанады және сондай-ақ басқалардың осындай құқын мойындайды [6].

А. Симаворян, В. Овян діни толеранттылықты позитивті және негативті деп жіктейді. Позитивті толеранттылық діни басқа адамдардың діни-конфессиональдық құндылықтары мен идеяларын білуді және құрметтеуді қамтиды. Негативті діни толеранттылық діни басқа адамдардың діни-конфессиональдық көзқарастары мен құндылықтар жүйесіне бейтарап қатынаста болуды қамтиды [7]. Авторлар екі жағдайда да толеранттылықтың қамтамасыз етілетініне және дегенмен, қоғам үшін толеранттылықтың бірінші түрінің әлде қайда жақсырақ екенін атап өтеді.

Толеранттылықтың бұл түрі тәрбие мен білімнің терең тамырларына негізделеді. Негативті толеранттылыққа қарағанда ол тұрақты, оның ірге тасы берік. Бұл отбасы, мектеп пен орта және жоғарғы оқу орындарындағы жүйелі тәрбиелік, ақпараттық-білімдік жұмыстарды қамтиды. Бұл бағытта елімізде бірқатар оң жұмыстар жүзеге асуда. Біріншіден, дінтану пәні аумағында діндер тарихынан, діни ғибадаттар мен рәсім-рәміздер туралы оқушылар кең мәліметтер ала алады. Алайда, бұл жұмыс орта және жоғарғы оқу орындарында өз жалғасын табуы қажет деп ойлаймыз. Себебі, жас адамның сана-сезімі, адамгершілік құндылықтар жүйесі, дүниетанымы мен азаматтық ұстанымдары өмірінің осы шағында тұрақтанып, бекемді. Сонымен қатар, жас ерекшеліктеріне байланысты мектеп оқушылары діни ілімнің терең тұстарын қабылдауға, ой таразынан өткізуге әлі болса дайын емес. Студенттік кезең жас жеткіншектің кемелеттік толысуын ғана емес, рухани кемелденуін де қамтиды. Осы кездегі тәрбие мен білімнің адамның кейінгі өміріндегі мәні зор.

Екіншіден, барлық жастарымыз бен халқымыздың барлығы бірдей бұл білімдерге қолы жетерлік емес. Осыған орай, Діни істер Агенттігінің осыдан бір-екі жыл бұрынғы ғалымдар мен қоғам қайраткерлерінен тұратын үгіт-насихат топтарын ел арасына бағыттау жұмысы да өз жалғасын тапса деп ойлаймыз. Сонымен қатар, діни ілім мен ғибадат мәселелерін талқылайтын телебағдарламалар топтамасын дайындап, көрермендерге ұсыну қажет. Мұндай бағдарламаларға елімізге танымал дінтанушылар мен теологтар тартылып, оң мен солды, жақсы мен жаманның аражігін ашып отырса құп болар еді. Сондай-ақ интернет желісін де осы мақсатқа кең қолдану қажет. Өйткені, мектеп жасындағы жас жеткіншектердің басым бөлігі ақпарат пен білімді интернеттен іздейтіні белгілі.

Жоғарыда аталған авторлар діни толеранттылық көріністерінің төрт түрін атап өтеді. Олар: басқа дін өкілдеріне деген толеранттылық, бір дін ішіндегі әртүрлі бағыттар мен ағымдар арасындағы толеранттылық, секталық қозғалыстарға және секталар арасындағы толеранттылық және дінге сенетіндер мен сенбейтіндер арасындағы толеранттылық [8]. Осылардың ішінде Республика тұрғындарының арасында ерекше наразылық тудырып отырғаны секталар екені белгілі. Бірақ біз секта дегенде нені түсінеміз соны айқындап алу керек. Я.Ф. Трофимовтың

анықтамасына сай, секта үстемдік етуші шіркеуге (діни ұйымға) оппозициялық қозғалыс [9]. Дінтанулық тұрғыдан алғанда секта – жалпы қабылданған (канондалған) ілімге негізделген діннен бөлініп шыққан және оның кейбір ілімдік немесе ғибадаттық қағидаттарын мойындамайтын діни топ. Мысалы, христиандықта Құдайдың үштік бірлігін, иман шарттары мойындамайтын топтар. Сектамен салыстырғанда, діни бағыттардың ілімі мен киелі мәтіндері ортақ, бірақ ілімді түсіндіруде айырмашылықтары бар. Мұндай бағыттар уақыт өте деноминацияларға айналуы мүмкін. Қазіргі уақытта секта мен деструктивті культтер ұғымы кең қолданысқа ие болуда. Терминологиялық және концептуалдық талдауға тереңдемей, бұл ұғымдардың арасында ұқсастық пен қатар айырмашылықтардың да бар екенін атап өтейік. Деструктивтік діни бірлестік (деструктивтік культ, тоталитарлық секта) – бұл адамның физикалық, психикалық күйіне, рухани дамуының табиғатын бұзатын, сонымен қатар қоғамдағы, мәдениеттегі дәстүрлер мен нормаларға қарсы авторитарлық иерархиялық ұйым. Бұл ұйымдарда жеке тұлғаның (лидердің) немесе топтың (біреудің басқаруымен) мақсатты түрде жасырын психологиялық зорлықты қолдану арқылы, заңсыз адамдардың санасы, іс-әрекеті және өмірі бақылауға алынады [10]. Секта діни көзқарастар мен идеялардағы айырмашылықтардан туындайтын болса, деструктивті культтер дін элементтерін өз мақсаттарына (діннен де, руханилықтан да, адамгершіліктен де) пайдалануға талпынады. Бұл материалдық ресурстарға бақылау жасау немесе қоғамға ықпал етіп, шешім қабылдауға араласу болуы мүмкін. Мемлекет заңдары мен қоғамдық құндылықтарды, дәстүр мен адамгершілік нормаларын аяқ асты ететін мұндай топтарға қатысты толеранттылық туралы айту қиын. Кез-келген қылмыстық әрекет сияқты мұндай топтардың іс-қимылы қатаң бақыланып, дер уақытында ауыздықталуы қажет.

Адамгершіліктің асыл мұраты алдымен діни қағидаттарда, кейіннен заң нормаларында көрініс тапқаны белгілі. Моральдық-этикалық ұстанымдар – діннің ажырамас бір бөлігі. Діни канондар жинағы (қасиетті ұстанымдар, ережелер) адамзат дамуының алғашқы кезеңінен бастап қоғамдық қатынастарды реттейтін негізгі жүйе болды. Әлемдік діндер – иудаизм, христианшылық, буддизм, ислам қоғамның рухани және адамгершілік өміріне ғана емес, сондай-ақ

құқықтық жүйелерінің дамуына да зор үлес қосты. Мысалы, христиан діні, христианшылықтың діни моральдық канондары ұзақ уақыт бойы әлем халықтарының бір бөлігінің қоғамдық өміріне зор ықпал етті. Библия, Құран, Талмуд сияқты қасиетті кітаптарда діни қағидаттармен қатар жалпы адамгершілік нормалары да көрініс тапқан. Мысалы, Библиядағы Мұса уағызындағы өсиеттерде адамдардың тұрмысына қатысты қабылданған адамгершілік нормалары мен талаптары жөнінде айтылады. «Мұса заңдарында» алты күн көлемінде еңбектеніп, жетінші күні демалудың қажеттілігі, сондай-ақ ата-ананы құрметтеу, кісі өлтіруге, ұрлық жасауға, жалған куәгерлікке тыйым салу, көре алмаушылықты айыптау талаптары белгіленген. Қоғамда толеранттылық қарым-қатынасты дамытуда дәстүрлі діндердің позитивті потенциалын тиімді қолдана білу қажет. Қазіргі таңда діни экстремизм мен тағатсыздық адамзат өркениетінің дамуын тежеп қана қоймай, адамзат тіршілігіне қауіп төндіріп отырғаны мәлім. Әрине, шынайы діни толеранттылықты қазіргі өркениеттің орныққан фактісі деп айта алмаймыз. Діндердің қасиетті мәтіндерінде адамдар арасындағы бауырмашылдық, өзара құрмет жайлы көп айтылғанымен, олардың бәрі «әдемі сөздер» ғана болып қалып отырғаны жасырын емес. Өйткені, әртүрлі діндер мен діни ілімдерді ұстанушылар өз діндеріндегі бауырмашылдықпен сүйіспеншілік принциптерін өмірдің қажетті императивіне айналдыра алмауда, тіпті кейде, «шынайы дінді» насихаттау мен қолдауды желеу етіп өз ілімдері мен ұстанымдарын бөліспейтіндерге қысым жасауға да дайын тұрады. Мұндай әрекеттер әртүрлі қақтығыстарға да әкеп соғып жатады. Әрине, барлық қақтығыстардың себебін тек дінмен түсіндіруге болмас, дегенмен діни факторлар осындай қақтығыстардың катализаторына айналып отырғанын да жасырып қала алмаймыз. Мұның бір себебі, адам табиғатының психологиялық ерекшелігінде жатуы да ықтимал. Көптеген зерттеулер айғақтағандай, адамның көмескі санасында жасырынған стереотиптер мен ұстындар қалыптасқан жағдайды өзгеше бағалауға және одан шығудың тиімді түйткілдерін табуға мүмкіндік бермейді. Басқаға деген жаукөзділік адам бойындағы бөтен алдындағы үрейден, өзінің тіршілігін сақтауға деген ұмтылыстан туындаса керек. Ол «Біз-Басқалар» деген архаикалық психологиялық бинарлық оппозиция негізінделеді. Мұндай

оппозиция жануарлар әлемінде кең таралған құбылыс. Яғни, өзінің тіршілігі мен қауіпсіздігін сақтау, қамтамасыз ету кез-келген тіршілік иесіне тән құбылыс. Дегенмен біз білетініміздей, адам тіршіліктің биологиялық шеңберімен шектелмеген тіршілік иесі. Оның жүріс-тұрысында инстинктілер мен стереотиптер сақталып қалғанымен, адамның әрекеті саналы сипатымен ерекшеленеді. Адамның басқаға, бөтенге деген қатынасы мәңгілік өзгермейтін инстинктермен емес, мәдени кең мәтінде қалыптасып, орнығатын мәндермен анықталады.

Адамзат тарихында төзімсіздіктен туындаған қақтығыстар аз болмады. Діндер тарихы да төзімсіздіктің көптеген мысалдарын көрсете алады. Дегенмен, діни сана қойнауларында адамдар арасындағы зорлық-зомбылық пен ала ауыздыққа жол бермеу, адамзаттың тектік бірлігі туралы идеялар пісіп жетіле бастады. Христиан дінінің киелі Кітабы – Інжілде Исаның «Өз жауларыңды жақсы көріңдер», «Жақыныңды жаныңдай сүй» өсиеттерінде адамдардың бір-біріне деген қатынастарының императивті үлгісі көрініс тапты. Будда дінінде де зұлымдықты зұлымдықпен жеңуге болмайтыны айтылады. Христиан ойшылы Августин Блаженный зұлымдықты жақсылықтың жетіспеушілігі деп қарастырған болатын. Христиан діні адамның табиғатындағы қайшылықтың көзін ашып, оны бастапқы күнәһарлық көрінісімен байланыстырады. Адамның күнәһарлығы барлық жамандық атаулының бастауы. Ал күнәһарлық Құдайдың өсиетінен ауытқып, шайтанның азғыруына бой алдырудан туындайды. Күнәдан тазару асқан рухани қажырлықты, мұқалмас жігерді қажет етеді. Христиан діні Иса өсиеттеріне берік болу арқылы адамзат табиғатының кемелденіп, пәктікке жете алатынын алға тартады.

Діни толеранттылық идеясы ислам дінінде жан-жақты көрініс тапты. Ислам әлемінде, ой еркіндігіне, ғылыми білімнің дамуына шек қойылмағаны белгілі. Бұл ұстаным да Құран мен Сүннеттен бастау алады. Құран аятына сай адамды дұрыс жолға салу Аллаһтың құзіреті. Аллаһ қалаған құлын ақиқат жолына түсіреді. Сонымен қатар, дінде зорлық жоқ екендігі де Құранда баса айтылған. Ислам діни фанатизмге жол бермейді. Фанатизм – ақыл-ойдың шектілігі мен надандықтың көрінісі. Жаратушысын таныған адам оның рұқсат еткендері мен тиым салғандарында өзі үшін бір жақсылықтың барын түсінеді. Ал, әрнәрсенің мәнін түсіну мен ақылға

салу – парасаттылықтың нышаны. Ойлану мен білімді игеру және сондай-ақ ақиқатты іздеу мен құпия сырларды ашу адамды шектен шығудан сақтандырады. Сондықтан әрнәрсенің байыбына бару, сабырлылық таныту мұсылман hareketінің басты ұстанымы болуы керек. «Мүмкін, Аллаһ сендермен дұшпандарыңның арасында достық орнатар. Аллаһ – Құдіретті. Аллаһ – Кешірімшіл, Мейірімді». «Аллаһ сендерге дін үшін сендермен соғысып, тұрғын жайларыңнан қумағандармен ізгі және әділетті болуларыңа тиым салмайды». «Аллаһ сендерге сендермен дін үшін соғысып, тұрғын жайларыңнан қуғандармен және сіздерді қуғындауға ықпал еткендермен ғана достасуға тиым салады». Мұхаммед пайғамбар осы Құран аяттарын басшылыққа ала отырып, әр түрлі діни нанымдағы адамдардың бейбіт қатар өмір сүруі принципінің негізін қалады және оны іс жүзінде жүзеге асырды. Ол өзінің ізбасарларына басқа дін өкілдеріне қысым жасамауды өсиет етті. Ислам мемлекеті қалыптасып канат жайған дәуірде бұл мемлекет пен діни қауымдастықтар қатынасын реттеудің негізгі тетігіне айналды. Ислам мемлекеті аймағында өмір сүретін басқа діни қауымдарды зымилар деп атады. Олар мемлекетпен арнайы келісімдер жасады. Мемлекет зымилардың діни әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін еркін ұстануына және олардың өмірі мен мал-мүлкінің қауіпсіздігіне кепіл болды. Зымилар өз тарапынан мемлекетке қарсы қастандық әрекеттерге бармауға, мемлекеттің заңдарын орындауға, әдет-ғұрыптары мен дініне құрметпен қарауға, бұрыннан бар ғибадатханаларды ғана пайдаланып, жаңаларын салмауға, жиза салығын төлеуге және т.б. орындауға міндеттелді. Зымилар арасынан мемлекеттік қызметкерлерде шықты. Бұл ислам мемлекеттерінде олардың азаматтық құқықтарының жоғары бағаланғандығын айқындайды. Зымиларға деген осындай көзқарас исламдық толеранттылықтың негізі болып табылады. Сондықтан діни төзімділіктің теориялық және практикалық ірге тасын ислам өркениеті қалады деп толық айта аламыз. «Осылай қатар өмір сүру мен өзара қатынаста болу олардың (әртүрлі халықтардың – З.Қ.) кемелденуіне ықпал етті, ал ислам рухындағы өзара көмек туралы толеранттылық ілімі мен ғылымға деген құрмет әр түрлі мәдениеттердің өзара ықпалдасуы мен тоғысуына алып келді» [11]. Ислам зерттеушісі А.Х. Зарринкуб «бұл қоғамның құлдырауы оның сыртқы әлеммен байланысы үзіліп, өз

ішінде сепаратистік тенденциялар мен фанатизм бой алған кезде басталды» дей отырып, дәл осы төзімділік принципінен ауытқудың ислам қоғамы үшін өте зиянды құбылыс болғанын атап көрсетеді. Сондықтан бұл принцип бүгінгі күні де өз өзектілігін жойған жоқ. Ислам өркениеті, Құранды басшылыққа ала отырып, басқа өркениеттермен тату – тәтті қарым – қатынас орнатуға талпынуы керек. Қазіргі заманғы өркениеттердің әрқайсысы бір-бірінің өзіндік болмысы мен құндылығын мойындауынсыз, одан әрі үйлесімді дами алады деп айту қиын.

Исламдағы толеранттылық дәстүр Әбу Ханифаның ирджа туралы ілімінде жалғасын тапты. Осы мәселеге қатысты пікір айтып, өз көзқарасын білдірген Р. Гайнутдин Әбу Ханифаның ислам ғылымы саласындағы мұрасы және замандастары мен кейінгі буын ислам үлемдерінің оның ізденістеріне деген қатынасын баяндай келе: «Имам Әбу Ханифаның ирджа туралы ілімі осындай сынның нысанына айналды. Бұл ілімнің шектен шыққан өкілдерін сунниттік басым көпшілік ақиқаттан жырақтаушылар деп санады. Араб термині «ирджа» «кейінге қалдыру», «үміт арту» деген екі мағынадан бастау алады. Ирджа принципі үлкен күнә жасағандарға (муртакиб аль-кабир), олардың сенімі туралы пікірді Аллаһтың құзырына қалдыруға және Құдайдың оларға мейірімділік танытатынына үміт артуға қатысты болды. Кейде имам Әбу Ханифа бір нәрсе туралы шынайы білім болмаған жағдайда, бір жақты шешім қабылдамау үшін «ирджа» сөзінің орнына «вукуф», яғни қалыс қалу [пікір айтпау] терминін қолданды», – деп атап көрсетеді [12]. Әбу Ханифа мен оның шәкірттері ислам әлемі үшін қиын қыстау заманда өмір сүрді. Саяси және діни алауыздықтар жайлаған, билік пен тақ үшін бақталастықтар толастамаған уақыттарда өзінің қарсыласын діннен безген (такфир) деп айыптау кеңінен таралған құбылыс еді. Мұның соңы бітіспес жанжалдар мен қақтығыстарға, қан төгістерге ұласты. Адамды діннен безген деу оны шарасыздық жағдайында қалдыратын. Өйткені, мұндай айып таңылған адамның жеке өз басына ғана емес, туған-туысқандарына да қауіп төнетін, оның мал-мүлкі тәркіленіп, өзі өлім жазасына кесілетін. Әрине, мұндай жағдайлар мұсылман ойшылдарын ойландырмай қоймады. Әбу Ханифаның ирджа туралы ілімі ислам зиялы қауымының осындай қантөгістерді тоқтатуға бағытталған батыл қадамы болып табылады.

Әбу Ханифаның ирджа ілімі күнәні ақтамайды және сол арқылы күнәлі істің адамның сеніміне қатысы жоқ, күнә адамның сеніміне нұқсан келтірмейді деп санаған мурджииттердің де, ауыр күнә жасау адамды мұсылман қатарынан шығарады деп санаған хариджиттердің де ілімдерінен ерекшеленеді.

Әбу Ханифаның ауыр күнә жасаған адамның үкімін Аллаһтың құзырына қалдыруды бір жағынан, құдіреті күшті Аллаһтың өз құлына мейірімінің шексіздігіне және Аллаһқа деген үміттің үзілмейтіндігіне негізделсе, екінші жағынан, адами билікті абсолюттендіруден сақтауға бағытталды. Өмір мен өлім мәселесінде шығарылатын үкім Аллаһ хақына сақтықпен және өте үлкен жауапкершілікпен келуге мәжбүрлейді. Сондықтан калимә мен шахадатты терістемеген адамның тағдырын Аллаһтың құзырына қалдыру әр заман үшін орынды болып табылады. Мұсылман мақсаты күнәға кірген адамды жазалау емес, керісінше оны сол күнәдан алыстату болып табылады. Ислам құқының, соның ішінде Ханафи машабының да өзегі мен рухы – мұсылманды күнәға жақындатпай жамандықтан шектеп, жақсылыққа бастауда. Құранда да адам иненің ұшындай жақсылық жасаса да, жамандық жасаса да Құдіретті Аллаһтан жасырын қалмайтыны айтылған. Яғни, адам жауапсыз қалдырылмайды. Бірақ, ислам құқықтанушыларының Құранға сүйене отырып, шектен шыққан жағдайда исламның тиымдары күшін жоятындығы туралы принципті тұжырымдағанын да да естен шығармау керек. Алайда күнә адамды өзінің жаратылысынан алыстатады. Сондықтан қалыпты жағдайда адам біле тұра күнә жасамаудың, оған бой алдырмаудың амалын қарастырғаны абзал.

Исламдағы осындай толеранттылық ұстанымдары мен принциптері бір өркениет аясында түрлі этностар мен мәдениеттердің, діндер мен конфессиялардың бейбіт қатар өмір сүруінің алғышарты болып табылды. Қазіргі уақытта да исламның осы құндылықтары көптеген шиеленістердің шешімін табуға ықпал ететінін теріске шығара алмаймыз.

Дін ғасырлар бойы рулық, тайпалық, ұлттық, қауымдық бірегейліктің негізі болып келді, қазірде сондай болып қалып отыр. Бірақ, қазіргі заманның бірқатар ерекшеліктері мұндай шектелген бірегейлік ауқымынан шығуды талап етеді. Соның негізгілеріне ғана тоқталып өтейік. Біріншіден, қазіргі заманғы дін өкілдері

де адамның ой еркіндігін, көзқарастары мен құндылықтарын бір қалыпқа түсірудің мүмкін еместігін мойындап отыр. Сондықтан діни ілімдердің қақтығысы мен қарама-қарсы тұруы діни плюрализм мен ар-ұждан бостандығы құндылықтарына орын беруде. Екіншіден, шектен тыс секуляландыру үдерісі адамзаттың рухани келбеті мен саулығына қауіп төндіруде. Үшіншіден, қазіргі өркениеттің дамуы адамзат қауымдастығына тіршілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ортақ құндылықтар мен принциптерді қалыптастыруды және оларды

халықаралық қатынастардың іргетасына айналдыруды талап етуде.

Күш қолдану, зорлық-зомбылық, үрейлендіру түйткілденген мәселелерді шешудің құралы мен тәсілі ретінде өз мүмкіндігін сарқып барады. Барлық соғыстар мен қақтығыстардың келісіммен аяқталатыны белгілі. Сондықтан қай деңгейде болмасын жағдайды ушықтырмай шешудің жолдарын іздеген абзал. Толеранттылық құндылығын орнықтыру осындай қадамның алғышарты мен іргетасына айналуы қажет деп ойлаймыз.

Әдебиеттер

- 1 Формирование толерантного сознания в современном казахстанском обществе. – Алматы, 2009. – 242 б.
- 2 Байтенова Н.Ж. Некоторые вопросы межконфессионального согласия в Казахстане // Казахстанский опыт межнационального и межконфессионального согласия: предложения для ОБСЕ: материалы международной конференции. – Алматы, 2009. – 112 б.
- 3 Мәдени-философиялық энциклопедия. – Алматы: Раритет, 2007. – 269 б.
- 4 Курганская В.Д., Дунаев В.Ю. Толерантность в глобализирующемся мире: Религия и культурная идентичность казахстанцев // Материалы научно-практической конференции «Вопросы толерантности и роль религии в общественной жизни». – Алматы, 2007. – 10 б.
- 5 Сонда. – 7 б.
- 6 Абуов А.П. Межконфессиональный диалог как основа социального согласия // <http://www.embkaztm.org/article/142>
- 7 Симаворян А., Овян В. Религиозная толерантность в современном обществе. www.noravank.am/rus/articles/detail.php?ELEMENT_ID=5118
- 8 Сонда, www.noravank.am/rus/articles/detail.php?ELEMENT_ID=5118
- 9 Трофимов Я.Ф. Учебно-методический комплекс по дисциплине «Религиоведение» для специальности: 050204 – Культурология. – Караганда: Болашак-Баспа, 2009. – 11 б.
- 10 Қазіргі дәстүрден тыс діни қозғалыстар мен культтер. – Алматы, 2009. – 10 б.
- 11 Зарринкуб А.Х. Исламская цивилизация. – М.: «Андалус», 2004. – 29-30 б.
- 12 Гайнутдин Р. Учение имама Абу Ханифы как основа толерантности в современном мире // Мазхаб Великого имама Абу Ханифы и современность: материалы международной научно-практической конференции. – Алматы: Атамұра, 2009. – 8-9 б.

References

- 1 Formirovanye tolerantnogo soznanya v sovremenном kazakhstanskom obchestve. – Almaty, 2009. – 242 s.
- 2 Baitenova N. Nekotorye voprosy mezhkonnessionalnogo soglasya v Kazakhstane. Kazakhstansky opyt mezhnatsionalnogo i mezhkonnessionalnogo soglasya: predlogeniya dlya OVSE. Materialy mezhdunarodnoi konferensy. – Almaty, 2009. – 112 s.
- 3 Madany-filosofyalyk ensoclopedya. – Almaty. Raritet. 2007. – 269 s.
- 4 Kurganskaya V. Dunaev V. Tolerantnost v globalisiruchem mire. Religya i culturnaya identichnost kazakhstanshev. Materialy nauchno-prakticheskoi konferensy. Voprosy tolerantnosti I rol religyi v obchestvennoy zhizny. – Almaty. 2007. – 10 s.
- 5 Sonda – 7 s.
- 6 Abuov A. Mezhkonnessionalny dialog kak osnova sozjalnogo soglasya. <http://www.embkaztm.org/article/142>
- 7 Simvoryan A. Ovyan V. Religyoznaya tolerantnost v sovremenном obchestve. www.noravank.am/rus/articles/detail.php?ELEMENT_ID=5118
- 8 Sonda- www.noravank.am/rus/articles/detail.php?ELEMENT_ID=5118
- 9 Trofimov Y. Uchevno-metodichesky kompleks po diszipline «Religyovedenye» Karaganda: Bolachak Baspa, 2009. – 11 s.
- 10 Kazirgyi dasturden tys diny kozgalystar men kultterдәстүрден тыс діни қозғалыстар мен культтер. – Almaty. 2009. – 10 s.
- 11 Zarrinlub A. Islamskaya civilizayia. – M.: «Andalus», 2004. – 29-30 s.
- 12 Gainutdyn R. Uchenye imama Abu Hanify kak osnova tolerantnosti v sovremenном mire // Mazhab Velikogo imama Abu Hanify I sovremennost: materialy mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferensy. Materialy mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferensy. – Almaty: Atamura, 2009. – 8-9 s.